

"Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне селолық жерлерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сынып жетекшілігі үшін, жазба жұмыстарын, дәптерлерін тексергені үшін, оқу кабинетінің меңгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы мен басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1876 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 қаңтар N 90. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.12.29. N 1927 қаулысымен.~ P001927

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне селолық жерлерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сынып жетекшілігі үшін, жазба жұмыстарын, дәптерлерін тексергені үшін, оқу кабинетінің меңгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы мен басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1876 P991876_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:
ескертулердің 6-тармағы мына редакцияда жазылсын:

"Жазғы, күзгі, қысқы және көктемгі каникулдар кезінде білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне жалақы, олардың лауазымдық жалақысының (тарифтік ставкаларының) 100 проценті мөлшерінде, жоғарыда аталған қосымша ақылар, үстеме ақылар және апталық оқу жүктемесінен артық жүктеме есептелместен төленеді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК